

Көшелерге қайта атау беру туралы

Атырау облысы Исатай ауданы Исатай ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 20 желтоқсандағы № 33 шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 28 желтоқсанда № 3733 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсанындағы Заңының 14-бабының 4)-тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 37-бабына және облыстық ономастика комиссиясының 2016 жылғы 2 тамыздағы қорытындысына сәйкес Исатай ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Исатай ауданы, Исатай ауылдық округі, Исатай ауылындағы "Қазан" көшесі " Құрмет Шамаховтың" есімімен қайта аталсын.

Исатай ауданы, Исатай ауылдық округі, Исатай ауылындағы "Мектеп" көшесі " Жұмабай Куанышевтың" есімімен қайта аталсын.

Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Исатай ауылдық округінің әкімі

Ұ. Хисым